

"Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 тамыздағы N 1215. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

"Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі - Кәсіпорын) үстіміздегі жылда қажетті жұмыс көлемін орындауы және қойылған міндеттерге сәйкес оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуі үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Кәсіпорынға несие желісі принциптері бойынша 1998 жылдың аяғына дейін қайтару мерзімімен жоғары лимитпен 570 (бес жүз жетпіс) млн.теңге несие бөлу туралы мәселені қарау ұ с ы н ы л с ы н .

2. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алған несиені Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың 1998 жылға арналған шығыстар сметасына сәйкес қаражат есебінен 1998 жылдың аяғына дейін өтейтін б о л с ы н . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.02.13. N 109 қаулысымен

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі - А.С.Павловқа жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң
Премьер-Министрі